

**Менің таңдаған
мамандығым -
Аудармашы**

Ауызша аудармашыға қойылатын талаптар.

Ауызша аудармашылар өз кезегінде дәйекті және ілеспелі аудармашылар болып бөлінеді.

- 1) Аудармадағы сөз сөйлеу жылдамдығы, мөлшері;
- 2) аударма тұтастылығы (ақпарат санының қаншалықты кеміп қалғаны);
- 3) айтылған сөздердің бұрмаланып кетуінен сақтану, мұнда мәтіннің толығымен жеткізілуіне зер салынады;
- 4) сөйлеу реттілігі (түсініктілігі), сөйлемді анық, ұғымды тиянақты аяқтау, сөзді жиі қайталауға жол бермеу;
- 5) сөйлеу дұрыстығы (әдеби тіл нормасын сақтау, ауызекі қарапайым сөздердің қалыптасуы, дикцияның дұрыстығы, дауыс әуезділігі, айқындылығы);
- 6) аудармашылық мінез-құлық (емеурін ишара, ұстамдылық, дауыс көтеріңкілігі (қаттылығы) сөз сөйлеу сенімділігі, еркіндік, сабырлылық).

**Халықаралық
Аудармашылар күні –
30 қыркүйек күні**

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетінің қолдауымен «Алтын көпір» халықаралық аудармашылар байқауының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өткізілді. Шара 2015 жылғы 16 қазан күні сағат 15.00-де Алматы қаласы «Қазақконцерт» өнер бірлестігінде өтті. Байқау жеңімпаздарын марапаттау рәсіміне зиялы қауым өкілдері, Жазушылар одағының мүшелері, қоғам қайраткерлері, жоғары оқу орындарындағы аударма ісі саласының мамандары мен студенттері қатысты.

«Алтын көпір» аудармашылар байқауының негізгі мақсаты – Қазақстан мен Ресей елінің арасындағы халықаралық бейбітшілік пен келісімді, өзара түсіністік, әдеби және мәдени қарым-қатынастарды нығайту, дарынды аудармашыларды анықтап оларды ынталандыру.

«Алтын көпір» аудармашылар байқауына жұмыстарды қабылдау 2015 жылғы 15 шілде мен 20 тамыз аралығында жүргізіліп, поэзия және проза жанрларындағы шығармаларды қазақ және орыс тілдеріне аудару аталымдары бойынша анықталды. Марапаттау рәсімінде өнер жұлдыздары өнер көрсетіп, байқау жеңімпаздарының шығармалары енген жинақ таратылды.



«Алтын көпір» халықаралық аудармашылар байқауының жеңімпаздары марапатталды